

Мәслихаттың 2014 жылғы 7 ақпандағы № 206 "Қостанай қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2014 жылғы 29 мамырдағы № 238 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 маусымда № 4879 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 132 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 31.03.2017 № 132 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 7 ақпандағы № 206 "Қостанай қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4483 тіркелген, 2014 жылғы 20 наурызда "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай қалалық мәслихатының регламентінде:

3-тармақ мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"3. Мәслихаттың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы регламентпен реттеледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, № 20 сайлау округі бойынша депутаты

Қостанай қалалық мәслихатының хатшысы

А. Уралбаева

Н. Халықов